

Шанхай ынтымақтастық ұйымына мүше мемлекеттердің сыртқы істер министрліктері арасындағы Ынтымақтастық пен қызметті үйлестіру туралы хаттамаға қол қою туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 15 маусымдағы N 647 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Шанхай ынтымақтастық ұйымына мүше мемлекеттердің сыртқы істер министрліктері арасындағы Ынтымақтастық пен қызметті үйлестіру туралы хаттамаға қол қоюға келісім берілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Жоба

Шанхай ынтымақтастық ұйымына мүше мемлекеттердің сыртқы істер министрліктері арасындағы Ынтымақтастық пен қызметті үйлестіру туралы

Хаттама

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі, Қытай Халық Республикасының Сыртқы істер министрлігі, Қырғыз Республикасының Сыртқы істер министрлік, Ресей Федерациясының Сыртқы істер министрлігі, Тәжікстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі және Өзбекстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі,

2002 жылғы 7 маусымдағы Шанхай ынтымақтастық ұйымының (бұдан әрі - ШЫҰ) Хартиясында тіркелген мақсаттарды, міндеттер мен қағидаттарды басшылыққа ала
о т ы р ы п ,

ШЫҰ шеңберіндегі ынтымақтастықтың дамуын өз мемлекеттері сыртқы саясатының басымдықтарының бірі деп қарай отырып,

ШЫҰ-ға мүше мемлекеттер арасындағы ынтымақтастықтың әртүрлі салаларындағы жоғары деңгейдегі уағдаластықтардың тиімді іске асырылуына зор маңыз бере отырып,

ортақ мүдделілік білдіретін, соның ішінде халықаралық ұйымдар мен халықаралық форумдарда, сыртқы саяси мәселелер бойынша ортақ көзқарасты іздестіру мақсатында сыртқы саясат саласында тиімді өзара іс-қимылды дамыту қажет деп есептей отырып,

өзара мүдделілік білдіретін өңірлік және халықаралық проблемалар бойынша әртүрлі деңгейдегі консультациялар мен пікір алмасулар пайдалы деп санай отырып, мына төмендегілер туралы келісті:

1-бап

ШЫҰ-ға мүше мемлекеттердің Сыртқы істер министрлері ШЫҰ Хартиясының 7-бабына сәйкес ШЫҰ-ға мүше мемлекеттердің Сыртқы істер министрлері кеңесінің (бұдан әрі - СІМК) кезекті (жылына бір рет) және кезектен тыс отырыстарын өткізеді. СІМК-нің кезекті және кезектен тыс отырыстарының өткізілу тәртібі 2003 жылғы 29 мамырдағы ШЫҰ-ға мүше мемлекеттер Сыртқы істер министрлерінің кеңесі туралы е р е ж е м е н а й қ ы н д а л а д ы .

Уағдаластықтар бойынша сыртқы істер министрлері Нью-Йорктегі БҰҰ Бас Ассамблеясының кезекті сессиялары кезінде кездесулер өткізеді.

2-бап

Тараптар әртүрлі деңгейлерде, соның ішінде өздерінің бөлімшелерінің басшылары деңгейінде, негізгі халықаралық проблемалар бойынша, әсіресе Орта Азия өңірінде және оның айналасында бейбітшілік пен халықаралық қауіпсіздікті нығайту, Азия-Тынық мұхит өңірінде ұжымдық қауіпсіздіктің тиімді жүйесін қалыптастыру мәселелері бойынша, сондай-ақ халықаралық терроризмге, экстремизмге, трансұлттық ұйымдасқан қылмысқа, қару мен есірткілердің заңсыз айналымына қарсы күрес проблематикасы бойынша ұстанымдарды салыстыру және ортақ көзқарасты тұжырымдау мақсатында консультациялар ұйымдастырады.

Қажет болған жағдайда және Тараптардың өзара келісімі бойынша нақты мәселелерді қарау үшін, соның ішінде құжаттардың жобаларын дайындау үшін уақытша негізде сарапшылардың жұмыс тобы құрылуы мүмкін.

Мұндай консультацияларға қатысу үшін Тараптардың келісімі бойынша бір жолғы негізде басқа халықаралық ұйымдардың және/немесе мемлекеттердің өкілдері шақырылуы мүмкін. Шақыруларды ШЫҰ-ның Атқарушы хатшысы консультациялардың өткізілу уақытына дейін екі айдан кешіктірмей жібереді.

Баратын жерге дейінгі және кері қайту жолының, сондай-ақ елде болу кезіндегі шығыстарды жіберген мемлекет өтейді, ал қабылдайтын мемлекет консультацияларды өткізу үшін үй-жай береді.

3-бап

Қажет болған жағдайда, ШЫҰ-ның Хатшылығы (дербес немесе Тараптардың бірінің өтініші бойынша) ШЫҰ-ға мүше мемлекеттердің ШЫҰ Хатшылығы

жанындағы тұрақты өкілдерінің қатысуымен Пекинде консультацияларды ұйымдастыруға және өткізуге бастамашы бола алады.

4-бап

ШЫҰ-ның Хатшылығы жыл сайын келесі күнтізбелік жылға ШЫҰ-ға мүше мемлекеттердің сыртқы істер министрліктері арасындағы ынтымақтастық бағдарламасының жобасын әзірлейді. Тараптар ағымдағы жылдың бірінші тоқсанының соңына дейін ШЫҰ-ға мүше мемлекеттердің ШЫҰ Хатшылығы жанындағы тұрақты өкілдері арқылы ШЫҰ-ның Хатшылығына Бағдарлама жобасына ұсыныстарын жібереді. ШЫҰ-ның Атқарушы хатшысы ағымдағы жылдың мамырынан кешіктірмей Бағдарламаның жобасын ШЫҰ-ға мүше мемлекеттердің Ұлттық үйлестірушілер кеңесінің қарауына және бекітуіне жібереді.

5-бап

Тараптар халықаралық және өңірлік ұйымдар мен форумдардың шеңберінде келісілген немесе ортақ көзқарасты тұжырымдау мақсатында ынтымақтасады және консултациялар өткізеді.

Осы мақсаттарда, атап айтқанда, ШЫҰ-ға мүше мемлекеттердің Нью-Йорктегі БҰҰ жанындағы тұрақты өкілдерінің тұрақты негіздегі консультацияларын (кемінде тоқсанына бір рет) өткізу көзделеді.

6-бап

Тараптар ШЫҰ Хатшылығының осы мақсаттардағы мүмкіндіктерін пайдалана отырып, тиісті көп жақты семинарлар мен бірлескен зерттеулер ұйымдастыру арқылы ШЫҰ-ға мүше мемлекеттердің дипломатиялық қызметтерінің тәжірибесін дамытуға және зерттеуге жәрдемдеседі.

Тараптар халықаралық аренада өзара іс-әрекет етудің жеделдігін арттыру мақсатында, ШЫҰ Хатшылығының және ШЫҰ-ға мүше мемлекеттердің ШЫҰ Хатшылығы жанындағы тұрақты өкілдерінің мүмкіндіктерін пайдалана отырып, өзара мүдделілікті білдіретін мәселелер бойынша тұрақты негізде ақпарат алмасуды жүзеге асырады.

7-бап

Тараптар Қазақстан Республикасының, Қытай Халық Республикасының, Қырғыз Республикасының, Ресей Федерациясының, Тәжікстан Республикасының және Өзбекстан Республикасының үшінші елдердегі дипломатиялық өкілдіктері мен консулдық мекемелері деңгейінде өзара әрекет етеді.

8-бап

Осы Хаттамаға СІМК-нің шешімі бойынша өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізілуі мүмкін. Тиісті шешімдер хаттамалармен ресімделеді және оларға қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

9-бап

Осы Хаттама қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді және бес жыл бойына қолданыста болады. Егер Тараптар өзгеше уағдаласпаған болса, оның қолданылуы келесі бес жылдық кезеңге өздігінен ұзартылады.

2004 жылғы "___" _____ қаласында орыс және қытай тілдерінде бір данада жасалды әрі екі мәтінінің күші бірдей.

<i>Сыртқы істер министрлігі үшін</i>	<i>Қазақстан</i>	<i>Республикасының</i>
<i>Сыртқы істер министрлігі үшін</i>	<i>Қытай</i>	<i>Халық Республикасының</i>
<i>Сыртқы істер министрлігі үшін</i>	<i>Қырғыз</i>	<i>Республикасының</i>
<i>Сыртқы істер министрлігі үшін</i>	<i>Ресей</i>	<i>Федерациясының</i>
<i>Сыртқы істер министрлігі үшін</i>	<i>Тәжікстан</i>	<i>Республикасының</i>
<i>Сыртқы істер министрлігі үшін</i>	<i>Өзбекстан</i>	<i>Республикасының</i>